

## «Гаухар-Тас» балабақшасы



«Жұлдыз» мектепалды топ

Тәрбиешісі: Суйеуова К.

2025-2026 ж

## «Қош бол сүйікті балабақшам» сценарий

Сәлеметсіздер ме құрметті ата аналар, әріптестер, және балалар!.

Бүгінгі біздің мерекеміз ерекше болмақ себебі бүгін бірнеше жыл мәпелеп, өсірген, тәрбиеленген бүлдіршіндерімізді ұшырып мектепке шығарып салғалы отырмыз. Әрине бұлда үлкен мереке, мерекелеріміз құтты болсын!.

Бүгінгі «Қош бол сүйікті балабақшам» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!.

Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңда

Мұндай күн болған сірә баршаңызда

Қол соғып қошеметтеп шақырайық

Олай болса биылғы түлектерімізді деп,

сүйікті балабақшасымен, қимастықпен қоштасатын **2026** жылғы «Жұлдыз» мектепалды даярлық тобының түлектерін қарсы алайық!.

1 топ

1. Ойы ұшқыр Бекарыс

Жүйрік оның білімі

Қиын есеп болса да

Лезде шешіп береді

**(Бекарыс ұлымызды қарсы алайық).**

2. Сап салмақты тап таза боп жүреді,

Қуанғанда жымып күледі. О. Айлин

**(О. Айлин қызымызды қарсы алайық)**

3. Кой аузыннан шөп алмайтын момақан,

Тап таза боп жүреді Бекбол деген балақан.

**(Бекбол ұлымызды қарсы алайық)**

4. Кіп-кішкентай болса да,

Елді аузына қаратқан.

Сүйкімді **қыз Альбина,**

Көркі оның көз тартар.

5. Спортпен білім жолын бір қосқан,

Кем қалмаған талантпенен табысқан

Қараңыздар **Әбілқайыр** ұлымыз ортада,

Тауды бұзар шын кіріссе намыстан.

6. **Аделя** , аяуылы ару қыз  
Келбетті, әдепті, байыпты,  
Ізгілік ұяңдық бәрі де,  
Бойына өзінің дарыпты.

7. **Парасатты** ер жігіт ,  
Ақылменен біледі.

Сегіз қырлы, бір сырлы  
Алдияр көңілді жүреді.

8. **Қане, М.Айлин** тобымның  
Гүлі болып шығағой  
Сені көрген адамның  
Қуанбауы заяғой

9. Бойында үлкен намыс бар,  
Әрқашан алға ұмтылған.  
Сезу қылып бір сырын,  
Намысын жігіт байлаған.

**(Байғали ұлымызды қарсы алайық)**

10. Білімді қыз инабат  
Болар бізге қолқанат  
Жақсылықты арқалап,  
**А. Айлинде** бар талант.

## **2-топ**

1. Инабатты бишіміз бар майысқан  
Танимыз біз оны алыстан.

**Айдана қызымызды** қарсы алайық.

2. Бір бойыннан бар қасиет табылған  
Біздің **Каусар** озып шығар бар қыздан

3. Ән салғанда шырқап бір  
Шаршамайды сірә да  
Сұлтан біздің өнерлі  
Сырын терең ұға біл.



4.Жұмсай қалсаң қуанып жүгіретін

**Медина қыз**, тыңдайды ол тіл алып

(Медина қызымызды қарсы алайық)

5.Сабырлы жайсаң мінезі,

Адалдықты сүйеді.

Бәрі де, бәрі сыйлайды,

Топтағы жігіт **Ибраһим-Али**.

6.Тақылдап тұрып, тақпақ айтатын

Әсем де, көркем **Қ. Айлин** деген ару бар.

7.Әміржан деген бала бар,

Бойында түрлі сала бар.

Көпшілікті қуанытып

Үлкен үмітпен қаратар.

8.Майысып,жымиып отырған,

Мерей біздің мейірімді жан.

Достық деген сезімді

Қастерлеген асыл жан.

**(Мерей қызымызды қарсы алайық)**

9.Ардақ деген ұлда бар

Қыздар оны мақтаған

Жарыс десе жайнайды

Топ намысын қорғайды

Қандай да болсын игі іс

Онсыз сірә бітпейді

Гүл жайнаған Айымды

Жауқазын гүлге теңейміз

10.Спортты жаны сүйеді

Салауатты өмір сүреді

Бар қоғамдық жұмыстың

Ортасында жүреді

Омар топтың жүрегі

### **11.Ортамыздың ажары**

Ясминадай ерке қыз

Әр қылығы көтеріп

Еркелете береміз

(Ясмина қызымызды қарсы алайық)

**2.Олай болса бүгінгі мерекемізді бастайық,**

Мерекеміз ашық деп жариялаймыз! **(ФЛЕШМОБ кетеді).**

**3.Баршамызды бала тілімен баурайтын**

Бала деген бір бақыт қой самғайтын

Ата-ананың арманы мен тілегін

Бала емес пе, балбұлақтан жалғайтын деп,бүлдіршіндеріміздің Гаухар-тас ұжымына арнаған жылы лебіздерін қабыл алыңыздар!

Гүлдендірген бақшаны

Меңгеруші жақсы адам

Сондықтанда біз үшін

Артықсыз Сіз басқадан

**Шынар Төлегенқызына мың алғыс!**

**(Ардақ)**

**2.Мейірімдіде әдемі**

Бүкіл бақшаға қарайды

Тобымызға әр кез кеп

Хәлімізді сұрайды

Апайларды сыйлайды

**Әдіскер Гульмира Сратқызына мың алғыс!**

**(Бекарыс)**

**3.Жазу жазып үйреткен**

Ән салдыртып билеткен

Санамақты үйретіп

Санауды бізге үйреткен

Мерекені тойлауды

Бойымызға сіңірген

**Құндыз Апайымызға мың алғыс!**

**(А.Айлин)**

**4.Бізді баптап қараған**

Күлімдеген жақсы адам

Ақ төсекке жатқызған,

Басымыздан сипаған

Майра апайға мың алғыс!

**(Медина)**

**3.Денсаулыққа болаттай**

Ауруларға жолатпай

Күнде болған әбігер

Қамқоршымыз дәрігер Жадыра Апайымызға мың алғыс!

**(Каусар)**

**4.Ағылшын тілі , білген**

Орасан зор талабы

Әрқашанда ашық, жарқын қабағы

Меруерт апайдың әр бір сабағы

Мәңгі, мәңгі есімде қалады.

Меруерт Апайға мың алғыс.

**(Аделя)**

**5.Балабақша сүйікті**

Ең салдыртып , білетті

Венера апайға рахмет

Өнерлі болуды үйретті

**(Альбина)**

**6.Мобилограф Апайым**

Түсірдіңіз шат күнім

Күлкімізді сақтадың

Жылы болып әр күнім

Сіздің еңбегіңізбен

Сақталады шаттығым.

**(Айым)**

7.Дене Ағай мықты ғой

Жаттығуда шықтығой

Жүгіртіп те секіртіп

Бізді шымыр етті ғой

Нұрсұлтан Ағайға мың алғыс!

**(Сұлтан)**

8.Тәтті тағам пісірген

Айран, сүтін ішкізген

Айгүл апай – Анар апай

Сіздерге мың алғыс

**(Ибрахим Али)**

**4.Келесі кезекті балалардың әніне берейік.**

**5.Тақпақтар**

1.Мектепке енді барамыз

Біз оқушы боламыз

Жақсы оқып сабақты

Кілең бестік аламын

**(Қ.Айлин)**

\* \* \* \*

2.Мектепке ертең барамыз

Оқимыз, білім аламыз

Қашықта емес арамыз

Бақшаға келіп тұрамыз

**(Әбілқайыр)**

3.Все тебя сегодня поздравляют,

И успехов в будущем желают,

Школа ждет тебя,и первый класс,

Счастья и удачи в добрый час.

**(Ясмина)**

4.I have you teacher

Kind and sweet

I am happy

Nice to meet

**(Байғали)**

5.Hello

My name is Aydana,

I am five.

You are my teacher,

You are the best!

Thank you,

My teacher,

You are kind,

You give us

A bright mind!!! **(Айдана).**

#### **6.Ұл-қыздарымыздың орындауында Вальс.**

7.Бүгінгі қоштасу мерекемізде, ортаға білім мен тәрбие нәрін сусындатқан  
Апайларымызды әдемі әнмен ортаға шақырайық, қабылалыңыздар!

#### **8.Құрметті ата аналар, және қонақтар!**

Осы салтанатты сәтте балабақшамыздың тәрбиеленіп, өсіп шыққан қырандарымыз,  
мектеп табалдырығын аттағалы тұрған түлектеріміз, сендер осы балабақшада көп нәрсені  
үйрендіңдер, енді сол өздерің ұстаған біліммен тәрбиенің кілтін артыңыздан еріп  
кележатқан іні сіңлілеріңе, ересек топ бүлдіршіндеріне табыстау сәтінде келді, әріне бұл да  
үлкен жауапкершілік, ал енді табыстай қойыңыздар!

Жолдарың ашық болсын!

Топтың абырйын биікке ұстаңыздар!

Бірліктеріңіз жараса берсін!

Бұл кілт тек жақсылыққа ашсын!(М.Айлин)

\*\*\*\*\*

Кілтті бердік сендерге

Білім жолын қуыңдар

Үлгі болып бәріне

Нағыз озат болыңдар (Омар)

Тәрбиеші; Балалар бұл жәй кілт емес, бұл достықпен жаңа белестердің белгісі.

Топтың абыройын биікке көтеретіндеріңізге кәміл сенеміз!

(Балалар кілтті табыстайды)

Жарайсың балалар ! Аманат тапсырылды, кілт сенімді қолда. Ал енді мектепке жол тартқан түлектеріміздің құрметіне дұғол шапалақ!

9. М.Айлин: таңырқап?

Қоштасар уақыттың жеткеніме ?

Сынақтай сағаттың өткеніме?

«Қимай тұрмын» деген ән айтылады.( свечкалармен торт келеді)

10.Ұямыздан ұшқалы отырған түлектерімізге диплом табыстау рәсімін бастаймыз және ол балабақша меңгерушісі Г.Сратқызына беріледі, қарсы алыңыздар!.

11.Шар ұшыру рәсімі.

Тәрбиеші; Құрметті менің балаларым, сендер балабақшамен қоштасып, мектепке жол тартып барасыңдар. Сендерге ақ жол тилеймін!

Биік белестерді бағындырып жүреберіңіздер, дендеріңіз сау болсын. Ата ананың үмітін ақтап, өмірде өз орындарыңды тауыңдар!

Жолдарың болсын! Ақ жол! Сәт сапар!

Құрметті ата аналар осымен бүгінгі біздің мерекеміз осымен аяқталды, алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңіз үшін көп, көп рақмет!

